



"Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы № 16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2024 жылғы 30 қаңтарда № 33942 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17553 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларында:

9-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9-2. Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын баланың ата-аналарынан немесе өзге де занды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы құнтізбелік жылдың 1 сәуірі мен 31 тамызы аралығында жүзеге асырылады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау осы Үлгілік қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру үйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызметіне сәйкес портал немесе көрсетілетін қызметті беруші арқылы қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оныншы, он бірінші (он екінші) сыйыптарына білім алушыларды қабылдау білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтініші не олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші, сондай-ақ негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады.

Өтініштер күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін қабылданады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына 1-қосымшада:

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомствоның бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде:

3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

3	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің мерзімі	Көрсетілетін қызметті беру топтамасын тапсырған күннен ақ портал арқылы жүгінген күні.
---	--	--

";

8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі	- порталға: 1) "Бастауыш, негізгі орта, берудің жалпы білім беретін бойынша оқыту үшін бағыныстылығына қарамастан ұйымдарына құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметтің негізгі талаптарынан сәйкес нысан бойынша ата-басқа заңды өкілдердің өтініштерінде 2) "Денсаулық сақтау саласынан құжаттамасының нысандары оларды толтыру жөніндегі бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы Зерттеу мемлекеттік стандарттардың тізлімінде № 21579 білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының оныншы, он бірінші (он екінші) сыйыптарына білім алушыларды қабылдау білім беру ұйымының қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтініші не олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші, сондай-ақ негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады.
---	---	--

бекітілген "Профилактикалық картасы" № 065/y нысандағы денсаулығының паспорты" № 052-2/y нысандағы медициналық анықтамалар; 3) баланың 3x4 см өлшемдерінде жүргізілген фотосуреті.

- көрсетілетін қызметтің түрінде):

1) "Бастауыш, негізгі орта, берудің жалпы білім беретін бойынша оқыту үшін бағыныстырылғына қарамаса ұйымдарына құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызметтің қойылатын негізгі талаптар; сәйкес нысан бойынша атап-басқа заңды өкілдердің отінінде;

2) жеке басын растайтын қызметтің сәйкестендіру үшін кажет, қызметті алушыға қайта цифрлық құжаттар сервісінде электрондық құжат;

3) "Денсаулық сақтау саласындағы құжаттамасының нысандағы оларды толтыру жөніндегі бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы Зерттеу деңгээлі № 175/2020 бүйрекімен құқықтық актілерді мемлекеттік тізілімінде № 21579 бекітілген "Профилактикалық картасы" № 065/y нысандағы денсаулығының паспорты" № 052-2/y нысандағы медициналық анықтамалар;

4) баланың 3x4 см өлшемдерінде жүргізілген фотосуреті.

Тиісті мемлекеттік органдардың шараларын жүзеге асырган, енгізілген, белгілі бір аумактың табиғи және техногендік сипаттамаларын жағдайлар түсінде анықтады. Олардың шараларын алыш тастау, тақтату шаралары қабылданады. Олардың және № 052-2/y нысанындағы анықтамаларды осы аумақта қызметті алушылар тікелей үйімінде қажеттілігіне қарайтынде.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бүйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Г. Бейсембаев

Оқу-ағарту министрі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК